

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы 2000 жылғы 24 тамыз N 328 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 12 қазан N 1256 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2001.03.03. N 53 қаулысымен. ~V011473

Сақтандыру заңдарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қарастырсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының  
2000 жылғы 24 тамыздағы  
N 328 қаулысымен  
бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) тиісті қызметкерлерді келісу және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының сақтандыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және сақтандыруды қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органымен (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін және сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) басшы қызметке сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттарды келісу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттігін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлері, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының басшы қызметіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттар (бұдан әрі - кандидаттар) осы Ережеде белгіленген ең төменгі

талаптарға сай болуы тиіс.

2. Сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлері - сақтандыру ұйымы Басқармасының Төрағасы және мүшелері, бас бухгалтері, сақтандыру ұйымы филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері оларды сайлауға (тағайындауға) уәкілетті мемлекеттік органның келісімі болғанда ғана қызметке сайланады (тағайындалады).

Сақтандыру ұйымының басшы қызметіне үміткер уәкілетті мемлекеттік органмен алдын-ала келіспей сайланған (тағайындалған) жекелеген жағдайларда сақтандыру ұйымы басшы қызметкерді сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органға келісу үшін қажетті құжаттарды осы Ережеде белгіленген тәртіппен ұсынуға міндетті.

Мұндай жағдайда сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлері уәкілетті мемлекеттік органның келісімін алғанға дейін өз міндеттерін үш айдан артық атқара алмайды.

3. Сақтандыру ұйымы Басқармасының Төрағасы және мүшесі қызметіне сайлану (тағайындалу) үшін жоғары білім міндетті талап болып табылады. Сақтандыру ұйымы бас бухгалтерінің, сақтандыру ұйымы филиалының бірінші басшысының және бас бухгалтерінің жұмыс саласына сәйкес жоғары немесе орта арнаулы білімі болуы тиіс.

Сақтандыру ұйымы Басқармасы Төрағасының, мүшелерінің және бас бухгалтерінің, сақтандыру ұйымы филиалының бірінші басшысының және бас бухгалтерінің қаржы саласында: сақтандыру ұйымы Басқармасының Төрағасы және бас бухгалтерінде - үш жылдан кем емес, Басқарма мүшелері, сақтандыру ұйымы филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтерінде - бір жылдан кем емес еңбек стажы болуы тиіс.

4. Осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес құжаттардың толық тізбесі уәкілетті мемлекеттік органға келіп түскен күн құжаттарды келісу үшін ұсынған күн болып саналады.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының басшы қызметіне тағайындалуы керек басшы қызметкерді сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тартқан жағдайда ол қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін нақты атқарып жүргеніне қарамастан еңбек заңдарында көрсетілген мерзімде және тәртіппен қызметінен босатылуы тиіс.

Кандидатура келісілгенге дейін кезеңде сақтандыру ұйымының тағайындалған басшы қызметкері міндеттерін еңбек заңдарына сәйкес жеке еңбек шарты бойынша атқарады.

6. Сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы немесе келісім беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясы қабылдайды.

7. Кандидаттың іскерлігі мен кәсіби дайындығының деңгейін сипаттайтын, сондай-ақ сақтандыру ұйымының басшы қызметкерлерін тағайындау ісіне және іс-жосығына қатысты мәліметтерді зерделеу мақсатымен уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарының басшылық құрамы бойынша деректер базасын жинайды.

2-тарау. Біліктілік комиссиясының өкілеттігі,  
құрамы және шешім қабылдау тәртібі

8. Уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) жеті адамнан құралады және оған уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін басшысы - комиссия Төрағасы басшылық етеді. Комиссия құрамына уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесінің төрт қызметкері, уәкілетті мемлекеттік органның бухгалтерлік есеп және заң қызметі бөлімшелерінен бір-бірден қызметкер кіреді, оның біреуі комиссия Төрағасының орынбасары болады.

9. Комиссия құрамы уәкілетті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

10. Комиссия өз мәжілістерін қажетіне қарай өткізеді және мәжіліске оның құрамының кем дегенде 2/3 қатысса, заңды болып табылады. Шешім мәжіліске қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болғанда - комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия Төрағасы болмаған жағдайда мәжілістерді оның орынбасары өткізуге құқылы.

Комиссияның мәжілістеріне хаттама жүргізу үшін комиссия құрамына кірмейтін хатшы қатысады.

11. Комиссия шешімі хаттамаға енгізіледі. Егер комиссия мүшесінің қаралып отырған мәселе бойынша ерекше пікірі болса, ол хаттамада көрсетіледі.

12. Комиссия мәжілісіне шақырылған кандидат келмей қалған жағдайда, оны келісу туралы мәселе комиссияның келесі мәжілісіне қалдырылады. Екінші рет келмеген жағдайда, комиссия бұл кандидатураны келісу туралы мәселені сақтандыру ұйымы кандидаттың комиссия мәжілісіне келмеуінің себептерін көрсетіп, қосымша өтініш жасағанға дейін қарамай қалдыруға құқылы.

13. Кандидаттың сақтандыру ұйымының басшы қызметіне кәсіби жарамдылығы туралы мәселені шешкенде комиссия уәкілетті мемлекеттік органды немесе оның бөлімшелерін тексергенде алынған қосымша мәліметтерді, сондай-ақ кандидат немесе басшы қызметкер бұрын басшы болып істеген ұйымның қаржылық жағдайы туралы деректерді зерттеп білуге құқылы.

14. Комиссияның кандидатқа келісім беруіне тестілеу және комиссия мәжілісінде кандидатпен әңгімелесу жатады.

15. Тестілеу нәтижелері бойынша комиссия сақтандыру ұйымының басшы қызметкеріне кандидатқа келісім беруді осы Ереженің 2-тармағында белгіленген мерзім шегінде қайтадан тестілеуден өту үшін ұзартуға құқылы.

16. Тестілеу тест сұрақтарына ұсынылатын жауаптардың біреуін таңдау арқылы кандидатты компьютерлік немесе жазбаша сұрату нысанында жүргізіледі

Кандидаттарды тестілеу үшін сұрақтардың тізбесін уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі дайындайды және оны комиссия бекітеді.

Тест сұрақтарына жауаптардың кемінде үш нұсқасы енгізілуі тиіс, оның біреуі ғана дұрыс болуы керек.

Тестілеу кезінде кандидатқа 30 тест сұрақтарына жауап беру ұсынылады. Тестілеу уақыты 45 минутпен шектелген.

17. Тестілеуден өткен кезде кандидаттарға қандай да болмасын жазбаша, электронды немесе басқа да ақпараттық материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

Тестілеу өткізілетін тілді білмеген жағдайда, тестіден өтушінің аудармашының қызметін пайдалануға құқығы бар.

18. Кандидатты тестілеу кезінде тест сұрақтарына 60 және одан да көп процент дұрыс жауап алған жағдайда тестілеу нәтижесі оң болып танылады ал кандидат комиссия мәжілісіне әңгімелесуге жіберіледі. Әңгімелесу нәтижелері бойынша комиссия басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) келісім беру немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады.

Тест сұрақтарына 60 проценттен аз дұрыс жауап алған кезде тестілеу нәтижесі теріс болып танылады.

Тестілеудің теріс нәтижесі сақтандыру ұйымы басшы қызметкерінің немесе басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) ұсынылатын кандидаттың сақтандыру заңын жеткілікті білмейтіндігін танытып, оған басшы қызметке сайлануға (тағайындалуға) келісім беруден бас тартуға негіздеме болып табылады.

19. Құжаттарды ұсынған, бұрын уәкілетті мемлекеттік органның келісімін алған кандидат сақтандыру ұйымының жоғары тұрған басшы қызметіне немесе соған тең қызметке тағайындалған (сайланған) жағдайда, комиссия шешімді сырттай қабылдауға құқылы. Осыған орай сақтандыру ұйымының басшы қызметіне сайлауға (тағайындауға) уәкілетті мемлекеттік органның бастапқы келісімін берген кезден бастап 2 жылдан аспауы керек.

20. Комиссия басшы қызметкердің немесе кандидаттың басшы қызметке жарамдылығы туралы мәселені құжаттар келіп түскен күннен бастап бір айлық мерзімде қарайды, ал қосымша мәліметтер сұратылғанда бұл мерзім ондай

мәліметтерді алған күннен басталады.

21. Комиссияның шешіміне сақтандыру ұйымы, кандидат немесе сақтандыру ұйымының басшы қызметкері шешім қабылдаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде уәкілетті мемлекеттік органның жоғарғы органына шағым беруіне болады. Уәкілетті мемлекеттік органның жоғарғы органның осы мәселе бойынша шешімі түпкілікті болып табылады.

22. Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды және оның қызметінің нәтижелерін ресімдеуді, осы мәселелер бойынша сақтандыру ұйымдарымен хат алысуды қоса, уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі жүргізеді.

23. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі екі апталық мерзімде сақтандыру ұйымына уәкілетті мемлекеттік орган қабылдаған шешім туралы хабарлауға міндетті.

3-тарау. Комиссияның басшы қызметкерлерді  
(кандидатураларды) келісу үшін құжаттар ұсыну және қарауы  
үшін материалдар әзірлеу тәртібі

24. Басшы қызметкерлерді (кандидатураларды) келісу үшін сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттар ұсынады:

1) басшы қызметке кандидатураны сайлауға (тағайындауға) келісім не

басшы қызметкерді сайлау (тағайындау) туралы келісім беру туралы өтініш;

2) басшы қызметкерді сайлау (тағайындау) туралы сақтандыру ұйымының уәкілетті органының шешімі;

3) басшы қызметкерлердің немесе кандидаттардың осы Ереженің Қосымшасына сәйкес деректері;

4) осы Ережеге сәйкес комиссия сұратып алуға құқылы басқа да құжаттар.

25. Уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, құжаттар сақтандыру ұйымына қайта ресімдеуге қайтарылады.

26. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі сақтандыру ұйымы ұсынған құжаттар тізбесінің толықтығын және ресімделуінің дұрыстығын тексереді.

27. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралатын әрбір кандидатура жөнінде комиссияға жазбаша қорытынды ұсынады.

4-тарау. Басшы қызметке тағайындалатын басшы қызметкерлерді  
сайлауға (тағайындауға) келісім беруден  
бас тартудың негіздері

28. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін немесе басшы қызметке кандидатты сайлауға (тағайындауға) мынадай себептермен:

- 1) оның өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен кешірілмеген қылмысы болса;
- 2) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарды жеткілікті деңгейде білмесе;
- 3) оған қатысты уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының теріс шешімі болса.

29. Сақтандыру заңын жеткілікті (қажет болатын ең төменгі) білу өлшеміне кандидаттардың мыналар жайында тест сұрақтарына дұрыс жауап беруі болып табылады:

- 1) сақтандыру ұйымдарын құру тәртібі, олардың қызметі және Қазақстан Республикасында сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру принциптері;
- 2) сақтандыру қызметін реттеу тәсілдері, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын және төлем жасау қабілеттілігін қамтамасыз ету талаптары;
- 3) сақтандыру операцияларын жүргізуге, сақтандыру ұйымдарындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға (стандарттарға) және есепке қойылатын талаптар;
- 4) заңда белгіленген міндетті сақтандыру түрлері, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау тәртібі және сақтанушылардың және басқа адамдардың талаптарын (шағымдарын) қарау жағдайлары;
- 5) сақтандыру қызметі және сақтандыруды қадағалауды ұйымдастыру

мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі мен мазмұны;

- 6) сақтандыру қызметіне қатысты салық және валюталық заңдардың ережелері;
- 7) кәсіпкерлік саласындағы және инвесторлардың заңды мүдделерін қорғаудағы мемлекет беретін кепілдіктер.

## 5-тарау. Қорытынды ережелер

30. Кандидат немесе сақтандыру ұйымының басшы қызметкері сақтандыру ұйымындағы басшы қызметке сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тарту туралы уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне заңда белгіленген тәртіппен шағым беруге құқылы.

31. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі Басқармасының 2000 жылғы  
24 тамыздағы N 328 қаулысымен  
бекітілген Сақтандыру (қайта  
сақтандыру) ұйымдарында басшы  
қызметке сайлануға (тағайындалуға)  
тиісті қызметкерлерді келісу және  
сақтандыру қызметін реттеу және  
қадағалау жөніндегі уәкілетті  
мемлекеттік органның біліктілік  
комиссиясының өкілеттіктері туралы  
Ережеге  
қосымша

(фото)



---

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

---

\_\_\_\_\_ қызметіне кандидаттың

---

## АНКЕТАСЫ

### Кандидаттың өмірбаяндық деректері

1. Аты-жөні \_\_\_\_\_

---

2. Туған күні \_\_\_\_\_

---

3. Азаматтығы \_\_\_\_\_

---

4. Мекен-жайы (пошта индексі көрсетіліп, толық жазылады): \_\_\_\_\_

---

5. Жеке басын куәландыратын құжаттар (нөмірі, сериясы, берілген күні және кім берген) \_\_\_\_\_

---

6. Телефон нөмірі (жұмысы және үйі, қаланың коды) \_\_\_\_\_

---

7. Білімі және жұмыс тәжірибесі:

1) Білімі туралы деректер (мамандығын жетілдіру курсы қоса)\*:

-----  
Оқу орнының ! Бітірген жылы ! Мамандығы ! Диплом. ! Оқу орнының  
атауы ! ! !Сертификат ! тұрған жері  
-----

---

---

(\* нотариат растаған дипломның және сертификаттың көшірмелері қоса берілсін)

2) Ғылыми қызметі туралы қосымша мәліметтер:

---

---

---

3) Еңбек қызметі басталғаннан бері орындаған жұмысы\*\*

(\*\* бөлек параққа жазылсын)

4) Кандидаттың мына салаларда жеткілікті білімі бар ма: (иә - жоқ)

- Қазақстан Республикасының сақтандыру заңы

---

- сақтандыру қызметінде бухгалтерлік есеп және есеп беру ісін жүргізу

---

- Қазақстан Республикасының валюталық реттеуі

---

- Қазақстан Республикасының салық заңы

---

- сақтандыру қызметін компьютерлеу және автоматтандыру

---

5) біліктілігін анықтағанда анкета тапсырушы адам маңызды деп санайтын кез келген өзге ақпарат:

---

8. Кандидат сақтандыру ұйымдарының қызметіне байланысты талап ету бойынша қандай да бір сот ісіне жауап беруші ретінде жауапқа тартылды ма? (иә; жоқ), егер жауапқа тартылған болса, мына төмендегі кестеде егжей-тегжейлі ақпарат беріңіз:

---

-----

Талапкер және	!	Соттың	!	Сот ісі	!	Соттың шешімі	!	Талап сомасы
талаптың	!	атауы	!	қаралған	!		!	
мазмұны	!		!	күн	!		!	

-----

---

9. Кандидаттың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе есептен алынбаған қылмысы бар ма?

---

(қолы)

---

(қол қойылған күн)

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК